

көзделмесе меншік иесінің рұқсатымен мекемелер Серіктестіктің қатысушылары бола алады.

4. СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫСУШЫСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Серіктестіктің қатысушысы:

- серіктестік ісін басқаруға осы Жарғымен айқындалған тәртіпте қатысуға;
- серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға және оның бухгалтерлік құжаттарымен танысуға;
- қолданып жүрген заңдарға шешіміне сәйкес Серіктестіктің қызметінен кіріс алуға;
- серіктестік тараған кезде кредиторлармен есеп айрысқаннан кейін мүлік бөлігінің құнын немесе заттай алуға;

4.2. Серіктестіктің қатысушысы қолданыстағы заңдарға сәйкес басқа да құқықтарға ие бола алады.

4.3. Серіктестіктің қатысушысы: серіктестіктің жарғы капиталына құрылтай құжаттарымен көзделген тәртіпте, мөлшерлерде, мерзімдерде салым салуға;

4.4. Серіктестік қатысушысы қолданып жүрген заңдарға сәйкес басқа да міндеттерге ие болады.

5. СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН ТҮРЛЕРІ

5.1. Серіктестік қызметінің негізгі мақсаты кіріс алу болып табылады.

5.2. Серіктестік қызметінің түрлері:

- мектепкі диенгі білімі;
- сауда-сатып алу қызметі;
- тұрғындарға тұрмыстық қызмет көрсету;
- халық пайдаланатын және өнеркәсіп тауарларын сатып алу және сату, өндіру;
- халық тұтынатын тауарлардың көтерме және бөлшек саудасы;
- қоғамдық тамақтану орындарын, азық-түлік дүкендерін ашу және пайдалану;
- сауда үйлерін, шағын және супермаркеттерді ашу және пайдалану;
- маркетинг, инжиниринг, менеджмент, лизинг, «ноу-хау»;
- коммерциялық көрмелер, жәрмеңке және аукциондарды ұйымдастыру және өткізу;
- ауыл шаруашылық шикізаты мен тірі малдардың көтерме саудасы;
- фармацевтік және медициналық қызмет;
- құрылыс жобалау және құрылымдау;
- инженерлік жүйелер мен желілерді жобалау;
- жобаның арнайы бөлімдерін әзірлеу;
- технологиялық жобалау;
- сарапшылық жұмыстар;
- құрылыс үшін іздестіру жұмыстары;
- жолдарды салу, күрделі және ағымдағы жөндеу;
- ғимараттар салу;
- жиналмалы құрылымдарды жинақтау және орнату;
- сүт өнімдерін, жұмыртқа, азық-түлік майлардың көтерме саудасы;
- алкогольсіз сусындарды қоса алғанда, азық-түлік өнімдерінің бөлшек саудасы;
- сыртқы экономикалық қызмет;
- алкогольсіз сусындарды қоса алғанда, азық-түлік өнімдерінің көтерме саудасы;
- көкөністер мен жемістердің көтерме саудасы;
- ауыл шаруашылық өнімін сатып алу, өткізу;
- кәсіпорындарды басқару;
- баспа нысандарын әзірлеу;
- құрал-сайман жасау;